

УДК 316.334.52  
МРНТИ 04.15.21

**Галиева Ж. С.**, тарих магистрі, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0003-0727-6037>  
КеАҚ «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті», Орал қ.,  
Жәңгір хан көшесі, 51, 090009, Қазақстан, [zhanat.galieva@mail.ru](mailto:zhanat.galieva@mail.ru)

**Galiyeva Zh. S.**, master of history, the main author, <https://orcid.org/0000-0003-0727-6037>  
NJSC "West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan", Uralsk,  
st. Zhangir Khan 51, 090009, Kazakhstan, [zhanat.galieva@mail.ru](mailto:zhanat.galieva@mail.ru)

## **«ЖАСТАР ЖӘНЕ ДІН» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ SOCIOLOGICAL RESEARCH ON THE TOPIC "YOUTH AND RELIGION"**

### **Аннотация**

Мақалада Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың білім алушыларына өткізілген «Дін және жастар» тақырыбындағы әлеуметтанулық зерттеуге тоқтала отырып, тың статистикалық мағлұматтар берілді. Елімізде діни ахуалдың қалыптасуына ықпал етіп отырған факторларды ескере отырып, білім алушылардың дінге деген көзқарасы, ұстанымдары мен білім деңгейлерін анықтау мақсатында жүргізілген зерттеу соңында қорытындылар жасалды. Бір реттік зерттеу түріне қатысқан 350 респонденттің әрбіреуінің берген жауаптарына талдау жасалу арқылы олардың діни құндылықтарға деген жеке көзқарасын анықтауға, толеранттылық деңгейін бағалауға мүмкіндіктер берілді. Жастардың дінге деген көзқарастары мен ой-пікірлерін білу, діни ұйымдар мен ағымдарға қарсы тұра білу деңгейін анықтауды міндет етіп алған бұл зерттеу жұмысында түрлі деңгейдегі сұрақ, сауалдар қойылды. Кез келген қоғамда дін жастар әлеуметтенуінің бір формасына айналды. Дін–тәрбиелеуші құралдардың бірі, сол себепті де дінге бей-жай қарай алмаймыз. Тәуелсіз Қазақстан сияқты зайырлы елдердегі өзекті жағдай – теріс діни ағымдардың құрап отырған басым бөлігінің жастардан құралуы, осы сынды мәселелердің алдын-алу, болғызбау мақсатында аталмыш зерттеулерді жүргізу қазіргі қоғамның басты талаптары деуге толық негіз бар.

### **ANNOTATION**

The article examines the statistical data of a sociological study on the topic "Religion and youth" among students of Zhangir Khan ZKATU. In the course of the study, conclusions were drawn in order to determine the level of knowledge, attitudes and attitudes of students to religion, taking into account factors contributing to the formation of the religious situation in the country. The answers of each of the 350 respondents who took part in the study were analyzed, their personal attitude to religious values was revealed, and their level of tolerance was assessed. During the survey, questions of various levels were asked, which set themselves the task of finding out the attitude and opinion of young people to religion, to determine the level of their opposition to non-traditional religious organizations and movements. In modern society, religion has become one of the forms of socialization of young people. Religion is one of the tools of education, so we cannot be indifferent to the religious views of young people. The current situation in such secular countries as independent Kazakhstan is that most of the non-traditional religious movements consist of young people, conducting such research in order to prevent and prevent such problems is the main requirement of modern society.

***Кілтті сөздер:*** Қазақстан жастары, діни толеранттылық, дін, жастар, діни сауаттылық, діни ұйымдар.

***Key words:*** Youth of Kazakhstan, religious tolerance, religion, youth, religious literacy, religious organizations.

***Кіріспе.*** Дін – ерте замандардан бері адамзат тарихымен бірге келе жатқан өшпес ақиқат. Діни қызметтердің қоғаммен, соның ішінде қоғамдық жіктер арасындағы қарым-қатынастарын тарихи үдерістерсіз, әлеуметтік-қоғамдық өмір өзгерістерінсіз бөліп алып қарай

алмаймыз. Себебі, дін кез-келген елдің негізі қаланып, қалыптасу уақытында, даму барысында, ел ішінде біте қайнасқан ұлттардың өзара келісімде өмір сүруіне жағдай жасаумен қатар дінаралық немесе белгілі бір дін тармақтарының ықпалымен бейбітшілікке залал келтіріп, елді ішкі ұйытқысынан айыратын себептердің орын алу жағдайының орын алу ықтималдығы барынша биік [1].

Әлем халқының шамамен 62%-ы дінді күнделікті өмірінің маңызды бөлігі деп санайды [2].

Кез келген қоғамда дін жастар әлеуметтенуінің бір формасына айналды. Кеңес Одағы кезінде бұл іспен арнайы жастар ұйымдары, еңбек ұжымдары айналысатын. Сол себепті де жастар ересек өмірге дайын болатын, қазір ондай бірыңғай жүйе жоқ, болса да енді күш алып келеді. Жастар ересек өмірге өздігінен бейімделіп жүр десек те болады [3].

Жастарға зайырлы қоғамға сәйкес өмір сүре отырып, діни мәдениетті, толеранттылықты ұстанудың мәнін үйретсе болады. Діндарлық мәдениетті тек ғибадат жасаумен шектеуге болмайды. Ол – тұлғаның ішкі рухани болмысы мен және сыртқы келбетінің үйлесімділігі, ішкі мәдениетінің жоғарылығы, қоғамдағы қарым-қатынастарға бейімделе алу мүмкіндігі, мемлекеттің ішкі заңдық ұстанымдарына сай әрекет ете білуі. Алайда, біз өмір сүріп отырған қоғамда діннің радикалды бағыттарының соңына ерген ел жастары ғылымның, медицинаның прогрестерінен бас тартып, ортағасырлық дәуірді қайта орнатқысы келетіндері де бар [4].

Көп жастарымыз «зайырлылық» деген ұғымды атеизм, дінді мойындамау деп түсінеді. Зайырлылық деп – дінсіздік немесе дінді терістеушілік емес, ол – мемлекеттің құқықтық қағидаттармен басқарылуын және діннің елдің заңнамалық қағидаттарына арқа сүйеп өмір сүруін айтады. Кеңестік кезеңде «Құдайды жоққа шығару» идеологиясы үгіттеліп келді де, 1990 жылдары қазақ елі егемендікке қол жеткізген кезде ол идеологиялық бос кеңістікке айналды. Сол уақыттан бастап-ақ сол қуыс, кеңістікті жан-жақтан келген әртүрлі діни бағыттар, дін уағыздаушылары жаулап бастаған болатын [5].

Бейбітшілік мәдениеті мен зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас тақырыбы өте маңызды. Сондықтан біз діни ілімдердің дұрыс түсіндірілуіне, сондай-ақ әлемнің мәдениетін қамтамасыз ету үшін діни әртүрлілікке дұрыс көзқараспен қарауымыз керек [6].

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Мақаланы жазу барысында объективтілік, нақтылық, логикалық талдау сияқты жалпы ғылымдық, арнайы зерттеу әдістері қолданылды. Әсіресе, ғылыми дәстүрлерді объективтілік тұрғысынан зерделеу, оларды бағалаудың маңызы ерекше. Объективтілік әдісі тарихи құбылыстар мен үдерістердің барлық күрделілігі мен қайшылықтарын қамтып, жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл әдістер зерттеу тақырыбының өзектілігін ашса, мақалада зерттеу жұмысының жүру басрысы мен нәтижелерін талдауда кеңінен ашуға мүмкіндік берді. Жоғарыда аталғандай мәселелердің пайда болуы дұрыс: еліміздегі қазіргі жастардың діндарлық ұстанымы қаншалықты дәрежеде? Біздің жастарымыз қаншалықты діни төзімді? Қазақ қоғамындағы социалды-идеялық бағыт қандай сипатта? деген сұрақтарға жауап алу мақсатында Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың білім алушыларының дінге деген көзқарастарын, ұстаным бағыттарын анықтау үшін әлеуметтанулық зерттеудің кең тараған әдістерінің бірі - сауалнама өткізілді.

Зерттеу түрі – бір реттік. Басты жиынтық - Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың білім алушылары. Респонденттер саны – 350 адам. Ақпаратты жинау әдісі – сауалнама жүргізу. Әлеуметтік ақпаратты талдау әдісі – қарапайым статистикалық талдау. Зерттеу мақсаты – студент жастардың, қала, ауыл жастарының дінге, діни құндылықтарға деген жеке көзқарасын анықтау, толеранттылық деңгейін бағалау.

Зерттеу міндеттері:

- жастардың дінге деген көзқарастары мен ой-пікірлерін білу;
- жастардың діни сауаттылық және толеранттылық деңгейін бағалау, білу;
- діни құндылықтарға қатынасын анықтау;
- діни ұйымдар мен ағымдарға қарсы тұра білу деңгейін анықтау.

Қай бір дін жолын уағыздайтын ұйым үгіт-насихат жұмыстарын жүргізгенде діннен еш ақпары жоқ, яғни діни сауаттылығы төмен адамдардан бастайды. Олар, біздің жағдайда – жастар [7].

Осылардың негізінде экстремистік және террористік идеяларды таратушылар діннің атын жамылып, діншіл шешендіктің ерекше тәсілдері мен жолдарын іске қоса отырып, жастарға, олардың ақыл-санасына барынша бұрыс әсерін тигізе алады. Көбінесе қоғамдық ептілігімен өзгешеленетін идеялық мүдде әсеріне әп-сәтте ілінетін әлеуметтің айрықша бөлігі болып саналатын жастар теріс ойлы діни үгіттеушілік жұмыстардың қолайлы межесіне ұшырады [8].

Демографиялық статистикаға сүйенсек, 2021 жылдың деректері бойынша Қазақстан қоғамындағы 14 пен 28 жас аралығындағы жастардың үлесі 3739,9 мың адамнан құралады. Олардың ішінде студенттер – 600 000-нан астам. Осы ретте саны жағынан ауылдық жерлердегі жастардан гөрі қала жастары пайыздық үлесі бойынша алдыңғы орында. Оның да өзіндік себептері жетерлік. Ауыл жастары 44%-ды құраса, қала жастары 56%-ды құрайды [9].

Социалды-психологиялық толысу кезеңінде жас буын өкілдері әрдайым қоғамдық жүйе үшін теріс әсерлі ағымдардың алдында қарсылық таныта алмай қалады. Көбінесе олар діндар экстремизм мен терроризм нысандары ықпалымен жүзеге асатын дүниетанымдық-идеологиялық қақтығыстардың тарапынан жасалған идеологиялық шабуылдардың алдында әлсіз болып келеді [10].

Зерттеу нысаны – білім алушы жастар. Өйткені еліміздегі жас буын өкілдері сауаттылық деңгейі, өмірге бейімделуі бойынша қарағанда белсенді болғанымен, діни білімі, сауаттылығы жағынан алғанда барлығы бір дәрежеде еместігі қынжылтады.

Зерттеу пәні – жастардың дінге деген қатынасы.

Зерттеу гипотезасы – ақпарат қоғамында өмір сүріп жатқан қазіргі жастар арасында әлеуметтік, экономикалық және басқа да факторлардың негізінде, қоршаған орта жағдайын өткір қабылдау ерекшелігіне байланысты жат діни ағымдардың қатарына еніп кету құбылысы жиі кездеседі. Сонымен қатар діни сауаттылықтың төмендігі мен өмірлік тәжірибенің аздығынан өзге де діни көзқарастар мен принциптерді қабылдау мен оған төзімділік таныту деңгейі де төмендеп кеткені рас [11].

**Зерттеу нәтижелері.** Респонденттер құрамы жынысы бойынша - қазақ топтарында ұлдар – 43%, қыздар – 57%; орыс топтарында ұлдар – 35%, қыздар – 65%. Ұлты бойынша - қазақ топтарында қазақтар – 99%, басқа ұлт өкілі 1%, орыс топтарында қазақтар 78%, орыстар 14%, басқа ұлт өкілдері 8%.

Сарапшылардың пікірінше, қазақстандықтардың өткен атеистік, дінсіздік тарихы олардың діни көзқарастарының қалыптасуына, тұрақталуына кедергі келтіруде. Бұл халықтың діни, тіпті теологиялық сауаттылық деңгейін көтерудің ойластырылған, алдын болжай алатын жоспарлы саясаттың қолға алыну қажеттілігін туындатып отыр [12].

Сонымен қатар, елімізде діни ахуалдың қалыптасуына ықпал етіп отырған тағы бір фактор – жастар тарапынан дәстүрлі де теріс бағыттағы діни ағымдарға деген қызығушылықтарының күн санап артып келе жатқандығы. Ең алдымен жастарға отбасындағы тәрбиесі ықпал етсе, кейде сыртқы күштердің де әсері басым болуы мүмкін. Нәсіліне, ұлтына, ұлтына, дініне және жыныстық бағдарына байланысты басқаларға төзімділік әлеуметтік ахуалдың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады [13].

Сауалнама 25 сұрақтан тұрады. Алғашқы 2 сұрақ білім алушылардың отбасылық әлауқатына қатысты қойылды.

Жалпы зайырлы елдегі өзекті жағдай – теріс діни ағымдардың құрап отырған басым бөлігінің жастардан құралуы. Бұл жастардың жат ағымдарға кіруінің басты себептерін айтатын болсақ, біріншіден, жастардың діни білімінің төмендігі, өмір тәжірибесінің аздығы болса, екіншіден, әлеуметтік жағдайдың әсері, материалдық тапшылықтар, жұмыссыздық мәселесі.

1 сұрақта - «Өз отбасыңыздың тұрмыс деңгейін қалай бағалайсыз?» деген сұрақ бойынша респонденттердің көп бөлігі өз отбасыларының әлеуметтік жағдайының толық қанағаттандыратынын атап өткен. Білім алушылардың бір бөлігі «Өзіңізге жеткілікті», «Жағдайымыз онша емес, кейде көп нәрселерден шектеуге тура келеді» деп те жауап берген. 2 сұрақ – «Соңғы 1-2 жылда сіздің және отбасыңыздың өмір сүру деңгейі өзгерді ме?». Бұл сұраққа білім алушылардың көпшілігі жақсарғанын айтса, тек қазақ тобының аз ғана бөлігі нашарлағанын көрсеткен (9%). Бұл да кей жағдайда өз материалдық жағдайын түзету үшін, материалдық игіліктерді иеленудің жеңіл жолын таңдауға итермелеуі мүмкін. 3 сұрақ - «Сіздің дінге деген көзқарасыңыз қандай?». Жалпы зерттеу білім алушылардың дінге деген қарым-

қатынастарын анықтауға септігін тигізді. Сауалнама мәліметтеріне сай, оқу орны білім алушыларының басым бөлігі өздерін құдайға сенетіндіктерін, бірақ діни өмірге араласпайтындықтарын айтып өткен. Ең жоғарғы көрсеткіш қазақ топтарында 90%, орыс топтарында 77,5%. «Құдайға сенетіндер мен қауым мүшелігіне кіретіндер» қазақ тобында 23%, орыс топтарында бары – 10%. Сонымен қатар орыс топтарында дін мәселесіне немқұрайлы қарайтындар да кездеседі - 15%.

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, толеранттылық деңгейі қазақ топтарына қарағанда орыс топтарында жоғары деңгейде. Орыс топтарының 13% білім алушылары «Құдайға сенбеймін, бірақ дін жолындағылардың наным-сеніміне құрметпен қараймын» деген жауапты таңдаған, бұл жауапты қазақ тобының 3%-ы ғана белгілеп көрсеткен. Жастарды жаңадан пайда болған діни ағымдардың әрекеттерінен сақтандыру жұмысы дін жолында жүрген жастарға бағытталуы тиіс.

4 сұрақ - «Қазіргі таңда қазақстан қоғамында дін қандай роль атқарады?». Қазақ тобының 70% білім алушылары «маңызды» деген жауапты таңдаса, «өте маңызды» деген жауапты белгілеген респонденттер елдегі діни ахуалды есепке ала отырып таңдау жасаса керек. 5 сұрақ - білім алушылардың дінге деген қатынасы, көзқарасы тікелей этникалық шығу тегімен байланысты. Қазақтар, татарлар өздерін мұсылмандар қатарына жатқызса, орыс, украин тектілер православтық бағытты таңдаған.

Сауалнаманың міндеттерінің бірі - өздерін мұсылмандар қатарына жатқызатын білім алушылардың оның ағымдарын ажырата алу деңгейін анықтау болатын. Нәтижесінде, қазақ топтарындағы білім алушылардың 81%-ы өздерін исламның суннит бағытына жатқызса, орыс топтарында бұл көрсеткіш - 57%. Шиит бағытын қазақ тобының 8%-ы және орыс тобының 10%-ы таңдаған. Бұдан шығатын қорытынды, білім алушылардың ислам діні мен бағыттары, оның ерекшеліктері туралы білімдерінің жеткіліксіз екендігін көрсетеді.

6 сұрақ - діндарлыққа баулудың жолы құдайға сенімнің тереңдігінің нақты көрсеткішіне байланысты. Білім алушылардың көпшілігі (70%) дін жолына ата-анасының ықпалымен, бала кезден берілген тәрбиенің негізінде келгенін айтады. Дін жолына өз бетімен келгендер де көпшілікті 28% құрайды екен. 7 сұраққа - «Егер сіз діндар болсаңыз, сенетін өз дініңіздің діни жетекшілері мен көшбасшыларын атаңыз?» деген сұраққа «Жауап беруге киналамын, білмеймін», «Жауап жоқ» деген нұсқалар белгіленген. Жауаптар арасында Мұхаммед пайғамбар, Қожа Ахмет Яссауи, Архангел Михаил есімдері де аталды. Айта кететін жәйт, білім алушылардың көпшілігі өздерін діндар санай отырып, өз діни көшбасшыларын атай алмады. 8 сұраққа - «Сіз өзіңізге мүмкіндік туатын болса, жаңа дінге, конфессияға ауысуға жол бересіз бе?» деген сұраққа респонденттердің барлығы дерлік «Ешқашанда» деген нұсқаны таңдаған. 9 сұрақ нәтижесі бойынша біздің оқу орнының білім алушылары сирек болса да діни мекемелерге баратындықтарын көрсеткен.

Егер қазақ және орыс топтарын салыстыратын болсақ, қазақ топтарында діни мекемелерге баратындар көрсеткіші орыс топтарына қарағанда жоғары. Шығатын қорытынды қазақ топтарының діндарлық деңгейі де жоғары.

Соңғы кездері жастар арасында дін жолына түскендер саны артуда және бұл қоғам тарапынан алаңдаушылық туғызуда. Осыған байланысты қойылған 10 сұраққа «Соңғы кездері жастар арасында дін жолына түскендер санының артуының себебі неде деп ойлайсыз?» деген сұраққа респонденттердің басым көпшілігі діннің түпкі мазмұнын түсінбей, дінді ұстануды сәнге айналдыру деп жауап берген. Сонымен қатар тағы бір себебін де белгілейді, ол – дінге еліктеу, бұл діни білімнің таяздығынан туындайтын тағы бір фактор.

11 сұрақ – «Дінаралық некеге деген көзқарасыңыз қандай?» деген сұраққа жастардың барлығы дерлік неке құру барысында діни фактордың қатысы жоқтығын атап көрсеткен. Бұл әрине біздің қоғамымызда екіжақты қаралатын мәселе. 12 сұрақ – «Өз ұстанатын дініне сай арнайы киім киетіндерге қалай қарайсыз?». Білім алушылардың дініне сай киім киіп жүретіндерге деген көзқарастары, жауаптары қайшылықты. Қазақ тобының 42%-ы «маған бәрібір, мен ондайға мән бермеймін» деп жауап берсе, 27%-ы «күдікпен қарайтындықтарын» көрсеткен. Орыс тобындағы жауаптың басымдығы дәл осындай. Тіпті таңдалған жауаптар арасында «ашуымды тудырады», «қызығушылық тудырады» дегендер де кездеседі.

11 сұрақ бойынша 2011 жылғы жаңа дін туралы «Діни қызмет және діни бірлестіктер» атты ҚР Заңына сәйкес, қоғамдық орындарда намаз оқуға тыйым салынған. «Қоғамдық

орындарда (университетте, вокзал, аэропорттарда) намаз оқу үшін арнайы орындар болу керек деп санайсыз ба? » деген сұраққа «жоқ» деген жауапты қазақ тобының 46%-ы, орыс тобының 69%-ы тандаған. Мұндай арнайы орындар болуы қажет деп санайтындар 39% (қазақ тобы). Осы сұрақтың негізінде көрініп тұрғандай, «Діни қызмет және діни бірлестіктер» атты ҚР Заңының 7 бабымен келісетіндер орыс тобында басымырақ. 14 сұрақ – «Діни қызмет және діни бірлестіктер» атты ҚР Заңына сәйкес, мемлекет діннен, діни бірлестіктерден бөлінген, бөлек қарастырылады. Ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті статуска ие бола алмайды. Мемлекетті діннен бөлек қарастыру принципіне сай мемлекет діни ұйымдарға, бірлестіктерге мемлекеттік орган қызметін атқару міндетін жүктемейді.

«Мемлекет пен дін арасында қандай қарым-қатынасты қолдайсыз?» деген сұраққа (14 сұрақ) және «Сіздің ойыңызша, діни бірлестіктер саясатқа араласу керек пе?» (15 сұрақ) деген сұрақтарға қазақ және орыс топтарының тандаған жауаптары қарама-қайшы. Қазақ топтары мемлекет дәстүрлі конфессиялармен байланыс орната отырып, жаңа пайда болған діндерді ығыстыру қажет және діни бірлестіктер саясатқа араласу қажет деп ойласа, орыс топтары барлық діни бірлестіктерге тең әрі бейтарап қарым-қатынасты қолдайтындықтарын, діннің саясатпен айналысуына түбегейлі қарсылықтарын көрсетті. Бұл тағы да орыс топтарындағы білім алушылардың толеранттылық деңгейінің жоғарылығын дәлелдейді.

16 – 17 сұрақтар егемен Қазақ елінің аз ғана тарихи жолында діни сфера мықты жаңа дүниелер орын алды. Қасқыр терісін жамылған миссионерлік ұйымдар діннен қараңғы жерлестерімізді өз ықпалдарына ертіп, теріс діннің мықты жақтаушыларына айналдырды. Көпшілік дұрыс емес дін бағыттарын уағыздаушылар елжандылық, Отан алдындағы борыш дегендей қасиеттерді бағаламай, мұндай маңызды құбылыстарды теріс түсіндіреді.

«БҚО-да сіз жақтырмайтын, өкілдері жағымсыз сезім тудыратын дін немесе діни бірлестіктер бар ма, болса нақты атай аласыз ба?» деген сұраққа білім алушылардың басым бөлігі «Ваххабиттер», «Свидетели Иеговы», «Новая жизнь» сияқты діни ұйымдарды атап көрсеткен. Ал қазақ тобының білім алушылары БҚО-да жақтырмайтын діни бірлестіктердің бар екендігін белгілей келіп, нақты аттарын атамай кеткен.

Қазақстанда дәстүрлі дін өкілдерімен қатар дәстүрлі емес діни ағымдар, бірлестіктер өз жұмыстарын атқаруда. Сұрақ жауаптары көрсеткендей, респонденттердің дәстүрлі емес діни ағымдар мен секталар туралы мағлұматтары аздық етеді [14].

«Сізге көшеде немесе үйіңізге келіп, діни тақырыптарда әңгіме-дүкен құруға шақырған, өз діни жайында кітапша, оқулықтар таратқан діндарлар не қарапайым азаматтар кездесті ме?» деген сұраққа қазақ тобының 69% «ешқашан» деп жауап берсе, орыс тобының 50%-ы «кейде, бірнеше рет болды» деген жауап нұсқасын тандаған. Бірақ кейбір білім алушылар бұндай жағдай кездескенін және нақты мынадай діни қауымдарды атап өтеді: «Свидетели Иеговы», «Ата жолы», «Таблиги Джамаат», «Аллы Аят», «Салафиты», «Новая жизнь».

«Сіздің ойыңызша, бүгінгі таңда діни қақтығыстарды не тудыруы мүмкін?» деген сұраққа білім алушылардың қазақ тобындағы 41%-ы, орыс тобындағы 36%-ы қазақстан қоғамындағы туындайтын діни қақтығыстардың негізгі себебі ретінде жаңа діндерді уағыздаушы, таратушы діни миссионерлер қызметінің күшеюі деп жауап берген. Сонымен қатар екінші себеп - секталардың көбеюі мен белсенділіктерінің артуы деген нұсқа да көп таңдалған. Алайда Қазақстан қоғамындағы дінаралық қақтығыстар бір себепке байланысты емес, көпжақты негізде жүзеге асуы мүмкін. Өйткені, респонденттердің аз бөлігі болса да, діни қақтығыстарға себеп болатын бірнеше факторларды атап өткен. Олар: дінбасыларының әлсіз, нашар идеологиялық дайындығы, діни тақырыптардың бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде тиімсіз, сауатсыз көрініс табуы (қазақ тобы 4%, орыс тобы 10%) Биліктің дінаралық қарым-қатынас мәселелерін шешу деңгейі олардың іс-әрекет қимылдары мен ұстанымдарына тікелей байланысты. Қазақстан конфессиялар арасында толерантты қарым-қатынастың орнауына себепші бола отырып, діни экстремизм мен терроризммен барынша күресуде. Бұл саладағы саясат дұрыс жолға қойылып, азаматтардың діни құқықтары қорғалуда [15].

Зерттеу діни бірлестіктердің қызметтері мен әс-әрекеттері мемлекет тарапынан қатаң бақылаудың күшейтілуі керектігін көрсетті. «Қоғамдағы діни қарым-қатынасты жақсарту үшін не істеу керек деп ойлайсыз?» деген сұраққа қазақ тобының 40%-ы, орыс тобының 43%-ы діни бірлестіктер қызметіне қатаң бақылау орнату, қазақ тобының 23%-ы, орыс тобының 19%-ы дін мәселесі бойынша ақпараттық-түсіндірмелік жұмыстарды күшейту керек деп жауап берді.

Нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қажеттілігі де алдыңғы орынға шыққан.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, білім алушылар оқу орнында берілетін діни тақырыптағы ақпараттардың берілуін жеткілікті деңгейде бағалайды. «Сіз оқитын ЖОО-да діни ағымдар мен ілімдер жайында берілетін ақпарат жеткілікті ме әлде жеткіліксіз бе?» деген сұраққа респонденттердің 51%-ы (қазақ тобы), 64%-ы (орыс тобы) «жеткілікті» деп жауап берсе, «жеткіліксіз» деп 29%-ы (қазақ тобы), 13%-ы (орыс тобы) жауап берген екен.

Толеранттылық құндылық – адами, мәдени, ұлттық, рухани құндылықтардың құрамдас бөлігі ретінде адамдардың өзін ұстауын реттеп, оның шынайы тәртібін айқындап, құндылық мазмұны ретінде қоғамның жетістіктерімен шарттасады [16].

Төзімділікті тәрбиелеуде өте маңызды құндылықтар ата-бабалардың дінінен немесе сенімдерінен туындайды, өйткені өткеннің сенімдері мен естеліктері кез-келген діни рәсімдерді өткізуге арналған нұсқаулық ретінде, тіпті моральдық құндылықтардың қайнар көзі ретінде қолданылады [17].

Жастардың бойында толеранттылық қасиетті қалыптастыру мақсатында дін тақырыбына арналған шаралар көптеп өткізіледі, осыған сәйкес білім алушылардың басым көпшілігі «Толеранттылықты қалыптастыру мақсатында сіз оқитын оқу орнында діни тақырыптарда шаралар жеткілікті деңгейде өткізіліп тұра ма?» деген сұраққа «Иә, жеткілікті» деп жауап берген. Төзімділік дін өкілдерін ақиқат қағидаларын ұстануға итермелейді, бірақ басқа дінге деген құрметке нұқсан келтірмейді [18].

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ білім алушылары арасында өткізілген әлеуметтік зерттеу нәтижелері көрсеткендей, кездесіп тұратын өмірлік мәселелерге қарамастан, тұтастай алғанда әлеуметтік оптимизмнің жоғары деңгейі сақталған. Респонденттердің көпшілігі өздерін діндар ретінде санаса да, діни өмірге араласпайтындықтарын айтады. Бұларды бәсең діндарлар деуге болады. Орыс топтарына қарағанда қазақ топтарында діни наным-сенімге бойұсынушылық басым болып келеді.

Әлеуметтік зерттеу нәтижесі бойынша білім алушылардың діни ұйымдар мен бірлестіктердің қызметтері, негізгі қағидаттары, бағыт-бағдарлары туралы білім деңгейлерінің аздығы байқалады. Респонденттер діни көшбасшылардың аттарын атай алмады, қазақтардың исламның қай дәстүрлі бағытына жататындығын білмегендер де кездесті. ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы Заңының 3 бабында Қазақстанда мемлекет діннен, діни қауымдастықтардан бөлек екендігі айтылады, ешбір дінді мемлекеттік дін ретінде жариялауға тыйым салынады. Зерттеу көрсеткендей, қазақ топтарында діни бірлестіктер саясатқа араласу қажет деген пікірлер жиі кездесті. Ал орыс топтарында керісінше қайшы пікір – «жөк, араласпауы тиіс» білдірілді.

Қазақ топтарына қарағанда орыс топтарында толеранттылық деңгейі жоғары, олар басқа конфессия, ағым өкілдеріне бейтарап көзқарас ұстанып, төзімділік таныта алады.

Қазіргі уақытта жоғарыда атап өткендей, жат діни ағымдар жолына түсіп жатқандардың дені – жастар. Себептері де әралуан. Жастар арасында діни ағымдар жетегіне кетудің, діндарлар санының артуының басты себебі ретінде терең мағынасына үңілмей-ақ оны сәнге айналдыру факторы алдыңғы орынға шықты [19].

Мұндай әлеуметтік зерттеулер өте өзекті әрі маңызы жоғары. Сол себепті осындай зерттеу мониторингін келесі оқу жылына да жоспарлау ұсынылады. Дөңгелек үстелдер мен кездесулер көптеп ұйымдастырылу қажет.

Жалпы алғанда, әлеуметтік зерттеудің барлық әдістері арасында сауалнама – әлеуметтік сипаттаудың ең тиімді құралы; ауқымды, әртексті негізгі жиынтық жайлы нақты әрі жан-жақты ақпарат береді. Оның үстіне, сауалнамада қамтылатын тақырыптар мен сұрақтар өте ауқымды, жан-жақты [20, 390 бет].

**Қорытынды.** Қазіргі қоғамда жастардың барлығының бойында бірдей биік рухани мақсаттар мен бірегей құндылықтар жүйесін қалыптастыру әрдайым мүмкін бола бермейтіні бәрімізге аян. Әр адамның өзіне тән болмысы мен ерекшелігі, құндылықтары бар, оған қоса тобырлық ұстаным деген түсінік те бар.

Сауалнамада белгілі бір дәрежеде объективті емес, субъективті пікірлердің, белгілі бір үдерісті немесе құбылысты толық танып-түсінбеуден туған қате көзқарастардың орын алуы мүмкін екендігі де белгілі. Бірақ тұтастай алғанда, нақты адамдар пікіріне негізделгендіктен мұндай әлеуметтанулық зерттеулер нақты заманауи ахуалды анықтауда ең сенімді әдістердің

бірі болып табылады.

Сауалнамалар нәтижесінде жастардың діндарлық деңгейі біршама артқаны байқалады, дегенмен жастардың басым бөлігі күнделікті жағдайда діни қағидалармен емес, зайырлы қоғам ұстанымдарына мейлінше көңіл бөлетіндерін мәлімдеген. Еліміздің дін саласында жүргізіп отырған саясатын халық негізінен оң бағалайды. Жүргізілген зерттеу жастардың діни төзімділік деңгейі арта түскенін дәлелдеді. Қазақстанның көп ұлттылығы және негізгі екі діннің кең таралуы басқа діндерге деген төзімділіктің күшеюіне әсер етіп отыр деп ойлаймын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Религиозные объединения в Казахстане: информационный справочник. – Астана: НИАЦ АДР РК. – 2013. – Б. 4
- 2 Pajariato, H. Tolerance between religions through the role of local wisdom and religious moderation / H. Pajariato, I. Pribadi & P. Sari//HTS Theologiese Studies/Theological Studies. – 2021. – № 4. – P.5
- 3 Сағалиева, Ж. К. Жастарды толеранттылық құндылық негізде тәрбиелеу. Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған «Сейфуллин оқулары – 9 : жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – 2013. – Т.1 – Б 5-7
- 4 Шойкин, Ғ. Зайырлылық – ел тұрақтылығының кепілі / Ғ. Шойкин // Мирас. – 2016. – №4 (40). – Б 18
- 5 Кенжетай, Д. Зайырлылық – исламның жаны/Д. Кенжетай//Жалын. – 2017. – №8. – Б 27
- 6 Bloom, P. B.-N. Religionand Democratic Commitment: A Unifying Motivational Frame work / Pazit Ben-Nun Bloom, Gizem Arikan, Allon Vishkin // Advancesin Political Psychology. – 2021. - Vol.42. – P.75
- 7 Синглтон, Р.А. Әлеуметтік зерттеу әдістері / Р.А. Синглтон, Б.С. Стрэйтс. – 6-шы басылым. – Алматы : «Ұлттық аударма қоғамдық қоры». – 2020. – Б 555
- 8 Бекенова, А. Тасада тұрып тас атқан/А. Бекенова // Егемен Қазақстан. – 2013. – 11 қазан. – Б.5.
- 9 Смайылов, Ә.А. Қазақстан жастары:статистикалық жинақ / Ә.А.Смайылов // Астана: Қазақстан Республикасы Статистика Агенттігі. – 2013. – Б. 152
- 10 Кенжетай, Д. «Дін мемлекеттен бөлінген» деген сөз – биліктің дінге бейтарап қарауын білдірмейді / Д. Кенжетай // Ислам және өркениет. – 2014. – 21-31 наурыз. – Б. 7
- 11 Қазақстан Республикасы Дін істері жіне азаматтық қоғам министрлігінің салафизм діни ағымына қатысты ұстанымы // Орал өңірі. – 2016. – 18 қазан. – Б. 10
- 12 Сүлейменов, Т. С. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты: ЖОО студенттері, докторанттары және магистранттарына арналған оқулық / Т. С. Сүлейменов, Б. Ж. Сомжүрек, Р.С.Елмырзаева // Алматы: Экономика, 2012. – 221 б.
- 13 Crowley, F. Tolerance, social capital, and life satisfaction: a multi level model from transition countries in the European Union / Frank Crowley & Edel Walsh // Review of Social Economy. – 2021. – №3. – P.48
- 14 Джалилов, А.М. Этноконфессиялық қатынастарды реттеудің қазақстандық моделі / А.М. Джалилов // М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері. – 2020. – №4(56). – Б 150-151
- 15 Есім, Ғ. Елдің ертеңін ұстайтын жас ұрпақ діни сауатты бола тұрып, заманауи білім алуы керек / Ғ. Есім // Жалын. – 2017. - №8. – Б. 109-111
- 16 Yamashita, Y. Islam and Muslims in “non-religious” Japan: caught in between prejudice against Islam and performative tolerance/ Yoko Yamashita // International Journal of Asian Studies. – 2022. - Vol.19 Jaffary Awang,. – P.151. – P.85
- 17 Awang, J. Muslim views on other religions: With special reference to Buddhism / Jaffary Awang, Ahmad F. Ramli, Zaizul A. Rahma // HTS Theologiese Studies / Theological Studies. – 2022. – №4. – P 70
- 18 Yazdani, A. The culture of peace and religious tolerance from an islamic perspective / A.Yazdani // Veritas. – 2020. – Vol.47. – P. 151
- 19 Климова, С. Новый подход к изучению ценностей/ С. Климова, А. Галицкий// Десять лет социологических наблюдений. – М.: Институт Фонда «Общественное мнение».

– 2003. – С.56-83.

20 Ритцер, Дж. Элеуметтану теориясы / Дж. Ритцер, Д. Степниcki. – 10-шы басылым. – Алматы: «Ұлттық аударма қоғамдық қоры». – 2018. – Б. 482

## REFERENCES

1 Religioznye ob"edineniya v Kazahstane: informacionnyi spravochnik. – Astana: NIAC ADR RK, 2013. – Б. 4

2 Pajariato, H. Tolerance between religions through the role of local wisdom and religious moderation / H. Pajariato, I. Pribadi & P. Sari // HTS Teologiese Studies/Theological Studies. – 2021. – № 4. – P.5

3 Sagalieva, ZH.K. Zhastardy toleranttylyk kyndylyk negizde tarbieleu. Kazakstan Respublikasynyn BҮЯrЯnshЯ PrezidentЯ kынЯne arналran «Sejfullin okulary – 9 : zhorarry bЯlЯm zhane rulyм damuyndary zhana baryt» atty Respublikalyk rylymi – teoriyalyk konferenciya materialdary. – 2013. – Т.1. – Б 5-7

4 Shojkin, Г. Zaiyrlylyk – el turaktylygynyn kepili / Г. Shoikin // Miras. – 2016. - № 4(40). – Б. 18

5 Kenzhetai, D. Zaiyrlylyk – islamnyn zhany / D. Kenzhetai // Zhalyн. – 2017. - №8. – Б. 27

6 Bloom, P. B.-N. Religion and Democratic Commitment: A Unifying Motivational Framework / Pazit Ben-Nun Bloom, Gizem Arikan, Allon Vishkin // Advances in Political Psychology. – 2021. - Vol.42. – P.75

7 Singleton, R.A. Aleumettik zertteu adisteri / R.A.Singleton, B.S.Strejts. – 6-shy basylыm. – Almaty: «Ұлттық аударма қоры». – 2020. – Б. 555

8 Bekenova, A. Tasada tyryp tas atkan/A. Bekenova // Egemen Kazakhstan. – 2013. – 11 kasan. – Б. 5.

9 Smaiyllov, Ә.A. Kazakhstan zhastary : statistikalyk zhinak/Ә.A.Smaiyllov// Astana: Kazakhstan Respublikasy Statistika Agenttigi. – 2013. – Б. 152

10 Kenzhetai, D. Din memleketten bolingen» degen söz – biliktin dinge beitarap karauyn bildirmeidi / D. Kenzhetai // Islam zhane orkeniet. – 2014. – 21-31 nauryz. – Б. 7

11 Kazakhstan Respublikasy Din isteri zhane azamattyk koram ministriginin salafizm dini agymyna katysty ustanymy // Oral oniri. – 2016. – 18 kasan. – Б. 10

12 Syleimenov, T.S. Kazakhstan Respublikasynyn syrtky sayasaty: ZHOO stud.doktorant. zhane magistrant. arналgan okulyk / T.S. Syleimenov, B.Zh. Somzhyrek, R.S. Elmyrzaeva // Almaty: Ekonomika, 2012. – 221 b.

13 Crowley, F. Tolerance, social capital, and life satisfaction: a multi level model from transition countries in the European Union / Frank Crowley & Edel Walsh // Review of Social Economy. – 2021. - №3. – P.48

14 Dzhaliлов, A.M. Etnokonfessiyalyk katynastardy retteudin kazakstandyk modeli/ A.M.Dzhaliло // M.Auezov atyndagy OKMU gylыmi enbekteri. – 2020. - №4 (56). – Б 150-151

15 Esim, Г. Eldin ertenin ustaityn zhas urpak dini sauatty bola turyp, zamanauy bilim aluy kerek / Esim Г. // Zhalyн. – 2017. - №8. – Б. 109-111

16 Yamashita, Y. Islam and Muslims in “non-religious” Japan: caught in between prejudice against Islam and performative tolerance/ Yoko Yamashita//International Journal of Asian Studies. – 2022. - Vol.19. – P. 151. – P.85

17 Awang, J. Muslim views on other religions: With special reference to Buddhism / Jaffary Awang, Ahmad F. Ramli, Zaizul A. Rahma // HTS Teologiese Studies / Theological Studies. – 2022. – №4. – P 70

18 Yazdani, A. The culture of peace and religious tolerance from an islamic perspective / A.Yazdani // Veritas. – 2020. – Vol.47. – P. 151

19 Klimova, S. Novyi podhod k izucheniyu cennostei / S. Klimova, A. Galickii // Desyat' let sociologicheskikh nablyudenii. – M.: Institut Fonda «Obshchestvennoe mnenie». – 2003. – С.56-83.

20 Ritser, Dzh. Aleumettanu teoriyasy / Dzh. Ritser, D. Stepnicki // – 10-shy basylыm. – Almaty: «Ұлттық аударма қоры». – 2018. – Б. 482

## РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены статистические данные социологического исследования на тему

«Религия и молодежь» среди обучающихся ЗКАТУ имени Жангир хана. В ходе исследования были сделаны выводы с целью определения уровня знаний, позиций и отношения обучающихся к религии с учетом факторов, способствующих формированию религиозной ситуации в стране. Проанализированы ответы каждого из 350 респондентов, принявших участие в исследовании, выявлено их личное отношение к религиозным ценностям, дана оценка уровня их толерантности. В ходе опроса были заданы вопросы различного уровня, которые ставили перед собой задачу выяснить отношение и мнение молодежи к религии, определить уровень их противостояния нетрадиционным религиозным организациям и течениям. В современном обществе религия стала одной из форм социализации молодежи. Религия – один из инструментов воспитания, поэтому мы не можем быть равнодушными к религиозным взглядам молодежи. Актуальная ситуация в таких светских странах, как независимый Казахстан, заключается в том, что большая часть нетрадиционных религиозных течений состоит из молодежи, проведение таких исследований в целях предупреждения и предотвращения подобных проблем является главным требованием современного общества.

УДК 376.112.4

МРНТИ 03.20, 06.81.23

**Джангужиев М.С.**, философия докторы (PhD), аға оқытушы, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0002-4459-984X>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ  
Орал қ., Жәңгір хан, 51, 090009, Қазақстан, [dsi-1949@mail.ru](mailto:dsi-1949@mail.ru)

**Janguzhiyev M.S.**, Doctor of Philosophy (PhD), Senior Lecturer, the main author, <https://orcid.org/0000-0002-4459-984X>

NJSC «West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir khan», Uralsk, st. Zhangir khan 51, 090009, Kazakhstan, [dsi-1949@mail.ru](mailto:dsi-1949@mail.ru)

## **ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ МӘДЕНИ ӨМІРІ: ДӘСТҮРЛІ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІ МЕН БІЛІМ БЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ CULTURAL LIFE OF KAZAKH SOCIETY: FEATURES OF THE TRADITIONAL SYSTEM OF EDUCATION AND EDUCATION**

### **Аннотация**

XIX ғасыр қазақ қоғамының білім мен мәдениет саласы заманымыздың маңызды, актуальды мәселелерінің бірі. Халықтар арасындағы бұл салалардың байланыстарын зерттеу, бұл байланыстың негізгі түрлері мен жолдарын анықтау, және оларға ғылыми талдау жасау ғылымының маңызды проблемасына айналып отыр. Қазақ мәдениеті өзінің бүкіл тарихы бойында білім беру мен тәрбие жүйесінде үйлесімді көрсетілген дәстүрлі қағидааттардың, діни көзқарастардың, дүниетанымдық көзқарастардың әртүрлі компоненттерін бойына сіңірді. Бұл мақалада өмірді дәстүрлі реттеудің формалары қарастырылады: әлеуметтік-ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, моральдық мұраттарды қалыптастыратын мінез-құлық ережелері мен нормалары. Авторлардың ерекше назары дәстүрлі қазақ қоғамын трансформациялайтын бетбұрыс кезеңдерінің бірі болып табылатын XVIII–XIX ғасырлар кезеңіне аударылады. Білім және мәдениет саласының жандануын қолға алу нәтижесінде қазақ өлкесінің көрші елдермен мәдени-экономикалық байланысын нығайтып қана қоймай, халыққа рухани азық бергендігі және қазақ қоғамындағы өскелең ұрпақтың дәстүрлі тәрбиесіне аса зор мән берілгендігі туралы мәліметтер деректер арқылы дәлелденген.

### **ANNOTATION**

The sphere of education and culture of the Kazakh society of the XIX century is one of the most important, urgent problems of our time. The study of the connections of these industries between peoples, the definition of the main types and ways of these connections and their scientific analysis becomes an important problem of science. Throughout its history, Kazakh culture has absorbed